

6

Программаларды құруды жалғастырамыз.



1-тапсырма. Scratch программалау ортасындағы шарт тексеру түрін мысалдармен дұрыс сәйкестендіріп көрсет.

Шарт тексеру командасының қысқа түрі	Мысалы :
Шарт тексеру командасының қысқа түрі	Мысалы :

Егер күн ашық болса, онда серуенге шығамыз.
 • Күннің ашық-ашық еместігін тексереміз.
 • Ашық болса → серуенге шығамыз.
 • Ашық болмаса → ештеңе істелмейді.

Егер сан 5-тен үлкен болса, онда 10 қос. Әйтпесе 2 азайт.
 • Санның 5-тен үлкен екенін тексереміз.
 • Үлкен болса → 10 қосамыз.
 • Үлкен болмаса → 2 азайтамыз.
 • Нәтижені шығарамыз.

Егер ауа райы жаңбырлы болса, онда қолшатыр ал. Әйтпесе күннен қорғайтын көзілдірік ал.
 • Ауа райының жаңбырлы екенін тексереміз.
 • Егер жаңбырлы болса → қолшатыр аламыз.
 • Егер жаңбырлы болмаса → күннен қорғайтын көзілдірік аламыз.
 • Шешімді орындаймыз.

Егер сан жұп болса, онда оны 2-ге бөліңдер.
 • Санның жұп-жұп еместігін тексереміз.
 • Жұп болса → 2-ге бөлеміз.
 • Жұп болмаса → ештеңе істелмейді.



2-тапсырма. Таразының екі басын теңестіру үшін тауық, лақ және қозылардың қажетті санын тап. Үшеуін де пайдалану керек.



5 кг



8 кг



29 кг



2 кг

	Қозы	Лақ	Тауық
Саны			



3-тапсырма. Сәйкестендір



Егер кіші болса,...

Егер тең болса,...

Егер үлкен болса,...



4-тапсырма. Осы скриптінің орындалуын сөзбен сипатталған алгоритмін жаз.



Алгоритмді сөзбен сипаттау





